


егемен

Қазықастан

Балалар ақынын ардақтайық

Қазақ қаламгерлерінің арасында бүгінгі күнге дейін «балалар жазушысы болудан оңай ештеңе жоқ» деген солақай көзқарас етек алып келеді. Атақ-абырой іздеп немесе «тарихта қалуды» армандап кітап шығарғысы келгендер мен зейнетке шыққан қариялардың ермегіне айналған балаларға арналған әдебиеттің көсегесі бір көгермей қойғаны да жалған емес. Олар ұлы Абайдың: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», дегеніне де құлақ асқан жоқ. Орыстың данышпан сыншысы В.Г.Белинскийдің: «...должно родиться, а не сделаться детским писателем. Тут требуется не только талант, но и своего рода гений. Да, много, много нужно условий для образования детского писателя...», дейтін қағидаға лайық ғажайып пікіріне де пысқырып қараған емес. Бірақ уақыттан әділ төреші бар ма?! Ол бәрін де өз елегінен өткізіп, «Су ағады, тас қалады» дейтін қатал кесімін айтар әлі.



Еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі осы жылды «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялағаны баршаға мәлім. Осы жылдың аясында балалар әдебиетіне қатысты біраз мәселе көтеріліп, әртүрлі деңгейде конференциялар өткізіліп, тиісті орындар біршама істі қолға алуға талаптанып жатқан сыңайлы. Бұл әрине қуанышты жағдай. Бірақ бір жылдың ішінде балалар әдебиетінің мәселелерін шешіп тастау мүмкін емес екені бесенеден белгілі. Сондықтан «Балалар әдебиеті жылын» бір жылдың ғана қауызына сыйдырып қоймай, оны үлкен жоба ретінде қарастырып, кем дегенде бес жылға созу керек. Сонда ғана балалар әдебиетіне қатысты мәселелерді ретке келтіріп, баспа, баспахана, балалар кітаптарын насихаттау мен тарату, балаларға

арналған шығармаларға бәйгелер ұйымдастыру, балалар ақын-жазушыларының қаламақысын көтеру, балаларға арналып шығатын кітаптарды жыл сайын сараптан өткізіп отыру, мемлекеттік марапаттар беру ісін және басқа да жайттарды жолға қоюға болар еді деп ойлаймыз.

Сондай-ақ еліміздегі балалар әдебиетінің қалыптасуына, дамуына үлкен үлес қосқан, бүгінде арамызда жоқ балалар ақын, жазушыларын ұмытпай, олардың есімдерін есте қалдыру шараларын да біз атаулы жылдарға қарамай-ақ, әрдайым іске асырып отырғанымыз абзал. «Балалар әдебиетінің атасы» атанған Ыбырай Алтынсарин бабамыздан бері қарай санасақ, ондай ардақты жандардың бізде аз емес екеніне көз жеткіземіз. Біз бүгін соның бірі әрі бірегейі, бүкіл өмірі мен шығармашылығын балалар әдебиеті мен балалар баспасөзіне арнаған бір аяулы жан туралы сөз қозғамақшымыз.

Балаларға арнап «Өлеңдер» (1968), «Дүрбі» (1970), «Қасиетті тақия» (1972), «Сәлем саған, мектебім» (1975), «Бақыт деген не?» (1980), «Мен мектепке барамын» (1982), «Алғашқы баспалдақ» (1984), «Әйт, шу, тұлпарым» (1986) секілді көптеген кітап жазған белгілі ақын Сұлтан Қалиев өзінің саналы ғұмырын бөбектер мен бүлдіршіндердің, жасөспірім жеткіншектердің арасында өткізіп, олардың өмірін өлеңмен өрнектеді. Өз шығармаларында балалардың бейқам тіршілігін бейнеледі, тәлім-тәрбиелік маңызы зор тақпақтар мен сан алуан санамақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жазды. Кішкентай оқырмандарын ұшқыр қиялдың жетегіне ертіп, ертегілер еліне саяхат жасатты.

Еңбек жолын 1957 жылы Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогтік училищеге түсіп, оны 1961 жылы тәмамдаған соң, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде сырттай оқи жүріп, сегізжылдық ауыл мектебіне мұғалім болудан бастаған болашақ қаламгер мамандық таңдауда да он ойланып, жүз толғанған сынайлы. Бұл оның В.Г.Белинский айтқандай, «балалар жазушысы болып туғандығын» да дәлелдей түседі екен.

Ақын ағамыздың шығармашылық еңбектері сан қырлы. Ол поэзия, проза саласында қалам тербеді. Аудармашылық өнермен айналысты. Біз бұл шағын мақаламызда оның шығармашылық келбетін ашуды мақсат етіп отырғанымыз жоқ.

Балалар поэзиясына қойылар үлкен талаптардың бірі – ұғынықтылық, түсініктілік. Яғни балалар ақыны бүлдіршіндердің ойлау дәрежесіне лайық қарапайым тілді жетік меңгеруге тиіс. Сондықтан балалар ақыны қолына қалам ұстағанда өзін оқушылар алдында тұрған ұстаздай сезініп, ауыр міндетті мойнына алады...

Сұлтекең қазақ балалары, тіпті хайуанаттар паркінен де тірі күйінде көрмеген пингвинді:

«Қатуланса қыс күні,

Қарауылдап суатты,

Фрак киіп үстіне,

Ән сап тұрған сияқты», –

деп, көз алдымызға жанды қалпында әкеле алады. Бұл – ақынның әрі қарапайым, әрі бейнелі ойлай алатындығының жарқын куәсі іспеттес мысал. Әрине, ақынның мұндай сәтті шығармаларын жіпке тізгендей тізбектеп шығуға да болар еді.

Сұлтекең өлеңдерінің дені, өлеңмен жазылған ертегілерінің бәрі дерлік сюжетке құрылған. Әдемі оқиға аяқастынан шиыршық атып, тапқыр шешімін тауып жатады, «Аққала» атты өлеңінде ол мұз айдында аққала соғып, ойын қызығына кіріскен балалардың психологиялық көңіл күйін шағын сюжет арқылы сәтті береді. Өлеңдегі балалар қолымен тұрғызылған аққала бейнебір тіріліп кеткендей әсер етеді:

«Көне шелек – басында

Сытырғышы қолында,

Мұз айдынды аршуга

Келгендей-ақ ол мұнда».

Бірақ қабағын түйіп алып, жабығып тұрған аққала өзінің тұнжыраңқы қалпымен балалардың да көңіл күйіне әсер етеді. Мұңайып тұрған аққаланың жүзіне жиі көзі түсе берген лирикалық кейіпкердің де ойыны мүлдем қызбай-ақ қояды. Жүзін мұң шалған әлдекімнің бір бүйірден қадала қарап тұрғаны шынында да мұншалық ауыр болатындығын кім ойлаған?!

Осы сәтте лирикалық кейіпкердің інісі (мұндай сұрқай көрініс оған да ұнамаған болса керек) аққалаға ақырын күлімдеп жақындай түседі. Ақын оның іс-қимылын былай суреттейді:

«Қарады да анықтап:

– Сұлуын, – деп, өзінің! –

Құлағына бағыттап,

Сызып қойды езуін...»

Кенеттен әлгінде ғана тұнжырап тұрған аққаланың жүзіне нұр жүгіргендей болады. Оның шат күліп тұрғанын көрген балалар да көңіл күйі түзеліп, бөріктерін аспанға атысады. Ойын да қыза түседі...

Балаларға арналған өлеңдердің көпшілігі екі-үш шумақтан артыла бермейтіндігі белгілі. Алайда біз олардың өздеріне арналған жүз шумақ оқиғалы өлеңді де бір деммен оқып шығатындығына күмән келтірмейміз. Бұның да ақыннан шеберлікті, тілінен бал тамған шешендікті, әңгімешілдікті талап ететіндігі анық. Ақын Сұлтан Қалиевтің қарымды қаламы мұндай сыннан да сүріндірмей алып шыға алатындығына «Сауық» атты ұзақ өлеңі дәлел бола алады.

Бір қызығы, ақынның бұл «Сауық» атты өлеңіндегі кейіпкерлері оның келесі «Намыс», «Ризамын түйеге», «Қара ешкінің лағы – қасқа лақтың лаңы», «Алдар мен шайтан», «Жалғыз жұмбақ», «Тоғайда» тәрізді өлеңдерінде тағы

да бой көрсетіп, басқа да оқиғалардың ішінде бірге жүреді. Бір өлеңде баяндалған оқиғалардың келесі бір өлеңде жалғасын тауып жататыны да ақынның өз кейіпкерлерінен қол үзіп кетпейтіндігін, олардың бірте-бірте өсу үстіндегі іс-әрекеттерін үнемі қадағалап отыратындығын аңғартады.

Ақын өлеңдеріндегі әңгімешілдік оның кестелі сөзбен өрнектелген «Қоян неге қорқақ?», «Ғажайып тас», «Бақ атай туралы аңыз», «Аңғалдардың ажалы», «Бақыт деген не?», сықылды ертегілерінде ерекше көзге түседі. Бұл шығармалардың қай-қайсысында болса да Сұлтан Қалиев тек қызық қуып, оқиға желісінің жетегінде кете бермей, өз ойының кішкентай оқырмандарына ұғынықты да түсінікті болуын жадынан шығармайды. Орыстың әйгілі балалар ақыны С.Михалков: «Высказав мне несколько точных, пронизательных суждений, он обычно добавлял в конце: – И никогда не забывайте, голубчик, что по книгам детских писателей ребенок учится не только читать, но и говорить, но и мыслить, чувствовать...» деп еске алады атақты Самуил Яковлевич Маршакты.

Осы жайды жадына жақсы тұтқан Сұлтекең – Сұлтан Қалиұлы өз өлеңдеріндегі әңгімешілдік арқылы жас оқырмандарды ана тілінде еркін сөйлеуге, ойлауға, сезінуге тәрбиеледі. Ол С.Маршактың балаларға арналған «Ақымақ тышқан туралы ертегісін», С.Михалковтың «Степа ағай» атты оқиғалы өлеңін, Р.Ғамзатовтың «Менің атам» атты шағын дастанын бекерден-бекер қазақ тілінде сөйлеткен жоқ. Оның бұл тәржімалары да Сұлтекең шығармаларының табиғатымен тамырласып жатыр деп түсінеміз.

Сұлтан ағамыз Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдаған соң, 1967–1973 жылдар ішінде Қазақ радиосының музыка, балалар редакциясының редакторы, 1973 жылдан үзбей 17 жыл бойы «Балдырған» журналының жауапты хатшысы болып істеді. 1991 жылдан бастап 20 жылдан астам балаларға арналған «Ұлан» газетінің Бас редакторы қызметін абыроймен атқарып, еңбек демалысына шыққан еді.

Өзінің адал қызметі мен кіршіксіз таза шығармашылығын тікелей ұрпақ тәрбиесімен ұштастырған ақын ағамыз, өкінішке орай, қазір арамызда жоқ. Өмірден өткеніне бес жылға таяп қалған аяулы ақынымыздың артында қай кезде болса да талай ұрпақтың кәдесіне жарайтын, ұлттың рухани қазынасына айналар мол мұра қалды. Өзі өмірден өткелі бері жарының құрастыруымен, ұл-қыздарының демеушілігімен бірді-екілі кітаптары ғана жарық көрді. Бұл әрине, ауыз толтырып айтуға тұрарлық жағдай емес. Ақын ағамызға өзі шыққан биігіне лайық құрмет көрсетуге тиіспіз. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері, Білім беру ісінің, Ақпарат саласының үздігі атақтарын алып, Ыбырай Алтынсарин медалімен марапатталған, көп жылдар бойы Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы Балалар әдебиеті секциясына жетекшілік еткен, Мәдениет саласының қайраткері Сұлтан Қалиұлының ардақты есімін есте қалдыру шараларын қолға алатын мезгіл жеткен сияқты. Жоғарыда айтқанымыздай, биылғы «Балалар әдебиеті жылы» аясында бүкіл көңілі мен бүкіл өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған асыл азаматтың есімі өзі

туып-өскен, өзі білім алған Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы «Шайдана» бастауыш мектебіне берілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Еліміздің бас газеті арқылы айтып отырған бұл ұсынысымызды тиісті орындар бүкіл қазақ ақын-жазушылары мен журналистерінің, Сұлтекеңнің әр жерде қызмет істеп жүрген жүздеген шәкіртінің, ақынның шығармаларын оқып жүрген мыңдаған ұстаз бен жас оқырманның тілегі деп қабылдап, осы бір игі істі тездетіп жүзеге асыратынына кәміл сенгіміз келеді.

Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ,

ақын,

«Құрмет» орденінің иегері